

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ZHIGER» ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
ЖШС**

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ
ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ»
педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мақсатты аудитория:
мектепке дейінгі ұйымдардың
педагогтері

Ақтөбе, 2026

МАЗМҰНЫ

1-бөлім	Жалпы ережелер	3
2-бөлім	Глоссарий	4
3-бөлім	Бағдарлама тақырыбы	6
4-бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5-бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	8
6-бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	12
7-бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
8-бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	14
9-бөлім	Курстан кейінгі қолдау	16
10-бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	16

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланың жеке тұлғасын қалыптастырудың негізгі кезеңі болып табылады және оның әлеуметтік, танымдық әрі эмоционалдық интеллектінің қалыптасу алғышарттарын айқындайды. Осы кезеңде қалыптасатын тәрбиелік орта баланың болашақта табысты әлеуметтенуі мен оқу әрекетінің негізін қалайды.

Тәрбиелік ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерімен үйлескен шығармашылық және зияткерлік қабілеттерді дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдер, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану мектепке дейінгі ұйымдарда әрбір баланың әлеуетін айқындау мен дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл тәсілдер баланың мықты жақтары мен бірегей қабілеттерін мақсатты түрде қолдауға және жетілдіруге жағдай жасайды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи әдістемелік тәсілдері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптарға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, педагогтердің кәсіптік стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби қызметі арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, оның эмоционалдық және моральдық дамуына, қарапайым мінез-құлық нормалары мен әлеуметтік өзара әрекеттесу құндылықтары мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының қазіргі заманғы басымдықтарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін ізгілендіру мен жаңғыртуға, құзыреттілікке негізделген тәсіл жағдайында педагогтердің кәсіби қызметі арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды сапалы тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етуге бағдарланған. Бағдарламада тәрбие мен оқытуды дамытуда ойын технологиялары мен цифрлық ресурстардың баланың дамуындағы рөлі, сондай-ақ баланың бойында дағдыларды қалыптастыруға бағытталған халықаралық үрдістер мен тәсілдердің өзектілігі қарастырылады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректеріне сәйкес, ойынға негізделген тәсілдер балалардың қызығушылығын арттырып, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік өзара әрекет және табандылық сияқты дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді, бұл олардың кейінгі оқу жетістіктерінің негізі болып табылады.¹

ЮНИСЕФ (UNICEF) деректеріне сәйкес, ойын ерте жастағы балалардың дамуы мен оқытудың негізгі тетігі болып саналады. Ойын барысында балалар

¹ [Раннее детство: Образовательная политика 2025 | ОЭСР](#)

қоршаған ортаны танып-біліп, әлеуметтік-эмоционалдық, танымдық және тілдік дағдыларын дамытады. Ойындық әрекет баланың эмоциясын реттеуге, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға, сондай-ақ ересектер мен құрдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, бұл ерте жастағы дамудың маңыздылығын айқындайды.²

Бағдарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік басымдықтары мен халықаралық білім беру үрдістерінің логикасына сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тәрбиелік және құндылыққа бағдарланған тәсілді, заманауи оқыту әдістерін, ойын технологияларының қағидаттарын, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолданудың этикалық принциптерін іске асыруына бағытталған.

Сонымен қатар, Бағдарламаның мазмұны педагогтердің кәсіби қызметінде тәрбиелік ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық әдістерін, тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін меңгеруіне, сондай-ақ баланың әлеуметтік, эмоционалдық, моральдық, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдерді жобалау бойынша құзыреттілігін арттыруға арналған.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада қолданылатын негізгі ұғымдар 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

№	Негізгі ұғымдар	Негізгі ұғымдардың анықтамасы	Дереккөз
1	Адал азамат	Қоғамдық жауапкершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке және моральдық құндылықтарға негізделген тұлғалық қасиеттер жүйесі	ҚР ОАМ №194 бұйрығы, 2024
2	Әлеуметтік-эмоционалдық даму	Баланың эмоциясын тану, реттеу және әлеуметтік қарым-қатынас орнату қабілеттерінің дамуы	ҚР ОАМ №348 бұйрығы, 2022
3	Біртұтас тәрбие бағдарламасы	Білім беру ұйымдарында тәрбиелік жұмысты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жүйелі ұйымдастыруға арналған тұжырымдамалық құжат	ҚР ОАМ №194 бұйрығы, 2024
4	Дидактикалық ойын	Танымдық міндеттерді шешуге бағытталған, нақты ережелері бар оқыту ойыны	ҚР БҒМ № 499 бұйрығы, 2016

² [Раннее детское развитие | ЮНИСЕФ](#)

5	Жасанды интеллект (ЖИ)	Оқыту үдерісін дараландыруға және педагогикалық шешімдерді оңтайландыруға мүмкіндік беретін интеллектуалдық технологиялар	ҚР Үкіметінің № 592 қаулысы, 2024
6	Жеке қолдау	Баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық көмекті ұйымдастыру	ҚР БҒМ №7 бұйрығы, 2019
7	Жиынтық бағалау	Белгілі бір оқу кезеңінің соңында оқу нәтижелерін тіркеуге бағытталған бағалау	ҚР БҒМ №125 бұйрығы, 2008
8	Инклюзивті білім беру	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына тең жағдайда кіріктіру үдерісі	Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2015
9	Курстан кейінгі қолдау	Педагогтердің курстан кейін кәсіби тәжірибесінде білімді қолдануын сүйемелдеу жүйесі	ҚР БҒМ №95 бұйрығы, 2016
10	Құзыреттілікке негізделген тәсіл	Білім алушының білімді тәжірибеде қолдану қабілетін дамытуға бағытталған оқыту тәсілі	OECD, Education 2030, 2020
11	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Баланың туған кезінен бастап мектепке барғанға дейінгі жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін үздіксіз педагогикалық үдеріс	ҚР МЖМБС, 2022
12	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)	Білім беру мазмұнына, оқу жүктемесіне және күтілетін нәтижелерге қойылатын міндетті талаптарды айқындайтын нормативтік құжат	ҚР ОАМ №348 бұйрығы, 2022
13	Ойын технологиялары	Баланың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ойын әрекетін педагогикалық құрал ретінде қолдану жүйесі	ҚР БҒМ № 499 бұйрығы, 2016
14	Педагогикалық рефлексия	Педагогтің өз кәсіби іс-әрекетін талдауы және жетілдіруге бағытталған саналы үдеріс	ҚР БҒМ № 31 бұйрығы, 2025
15	Сюжетті-рөлдік ойын	Балалардың әлеуметтік рөлдерді меңгеруіне бағытталған, қиял мен қарым-қатынасты дамытатын ойын түрі	ҚР БҒМ № 499 бұйрығы, 2016
16	Тәрбиелік орта	Баланың әлеуметтік, эмоционалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайлар жүйесі	UNESCO, 2021
17	Формативті бағалау	Оқу үдерісінде кері байланыс арқылы оқытуды жақсартуға бағытталған бағалау түрі	ҚР БҒМ №125 бұйрығы, 2008

18	Цифрлық білім беру ресурстары	Оқу үдерісін қолдауға арналған электрондық платформалар, бағдарламалар мен контенттер	ҚР БҒМ №137 бұйрығы, 2015
19	Цифрлық қауіпсіздік	Балалардың цифрлық ортада зиянды ақпараттан қорғалуын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі	ҚР Заңы №169-VI, 2018
20	Цифрлық сауаттылық	Цифрлық технологияларды саналы, қауіпсіз және тиімді пайдалану қабілеті	ҚР Үкіметінің № 827 қаулысы, 2017

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда педагогтің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламаның жаңашылдығы мемлекеттік білім беру саясатындағы басымдықтарды, нормативтік құқықтық актілерді, білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіптік стандарттары мен МЖМБС талаптарын, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды сабақтастыра отырып, педагогке тәрбие мен оқыту үдерісін заманауи әдістемелік тәсілдермен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама педагогке әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілдер мен ойын технологияларын кәсіби құрал ретінде жүйелі қолдануға жағдай жасайды, бұл тәрбие мен оқыту кезеңін тиімді жоспарлауға және баланың әлеуметтік, эмоциялық және когнитивті дамуын қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта кіріктіру білім беру процесін, қызықты және бақылауға қолжетімділікті береді. Осылайша бағдарлама педагогті тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, практикалық іс-әрекеттерді жүйелі түрде қолдануға жағдай жасап, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында инновациялық, заманауи және бірегей құрал ретінде ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімін талдау кезінде осы бағдарламаның тікелей аналогтары жоқ екенін көрсетеді. Бағдарлама халықаралық білім беру жүйелерінің тәжірибесін, Президент Жолдауының стратегиялық бағдарларын, МЖМБС талаптарын және «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының тұжырымдамалық негіздерін біріктіре отырып, біліктілікті арттырудың ұлттық жүйесінде ерекше орын алады және оқыту мен тәрбиелік мақсаттарды біріктіреді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда педагогтің кәсіби іс-әрекетін заманауи әдістемелік тәсілдер, ойын және шығармашылық әдістер, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану арқылы кәсіби құзыреттерін дамыту.

Міндеттері:

1. педагогтердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік құқықтық және тұжырымдамалық негіздері бойынша білімін жүйелеу;
2. тәрбиелік процесті ұйымдастырудың әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздерін меңгеруін қамтамасыз ету;
3. баланың әлеуметтік, эмоционалдық, моральдық және танымдық дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік және оқыту тәсілдерін қолдану құзыреттілігін қалыптастыру;
4. ойын арқылы оқыту, дамытушы және дидактикалық ойын технологияларын кәсіби қызметте тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіру;
5. инклюзивті білім беру жағдайында баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жеке қолдау көрсету тәсілдерін кәсіби қызметте қолдана білу құзыреттілігін қалыптастыру;
6. педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру және цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз әрі мақсатты пайдалану бойынша құзыреттілігін арттыру;
7. педагогтердің кәсіби рефлексия жасау және кәсіби қызметін үздіксіз жетілдіру қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік құқықтық талаптарын және мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарын біледі және кәсіби қызметінде қолданады;
2. тәрбиелік ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін меңгереді;
3. баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес заманауи оқыту және тәрбиелеу әдістерін тиімді қолдана алады;
4. ойын технологияларын, дамытушы және дидактикалық ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланады;
5. инклюзивті білім беру жағдайында балаларға жеке қолдау көрсетуді ұйымдастырады;
6. цифрлық ресурстарды, білім беру платформаларын және жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта және этикалық қағидаттарға сәйкес қолданады;

7. кәсіби қызметінде баланың жан-жақты (әлеуметтік, эмоционалдық, моральдық, шығармашылық және зияткерлік) дамуын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық шешімдер қабылдай алады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарлама 4 модульден тұрады және мақсатқа кезең-кезеңімен жету мен қойылған міндеттерді шешу логикасына сәйкес құрылды. Материал мазмұндық тұрғыдан тұтас және дәйекті түрде ұсынылып, нормативтік-құндылықтық негіздерден бастап оқу-тәрбие іс-шаралары мен цифрлық білім беру ортасында практикалық іске асыруға дейін қамтылған. Әр модульдің мазмұны Бағдарламаның міндеттерімен тікелей байланысты және нақты, өлшенетін күтілетін нәтижелерге жетуге бағытталған.

1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері

1-модульдің мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздерін меңгеруге бағытталған. Модуль аясында мемлекеттік саясаттың басымдықтары, негізгі заңнамалық құжаттар, білім беру стандарттары және педагогтің кәсіби жауапкершілігі қарастырылады.

Модульдің өзектілігі педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру және кәсіби қызметті нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру қажеттілігімен айқындалады. Практикалық қолдау ретінде нақты нормативтік жағдайларды талдау, кейс-тапсырмалар орындау және білім беру құжаттамаларымен жұмыс жүргізу қарастырылады.

Модуль нәтижесінде тыңдаушылар білім беру үдерісін заңнамалық тұрғыда дұрыс жоспарлауды меңгереді, қолданыстағы құжаттардағы барлық өзгерістер мен толықтырулармен танысады және оларды өз кәсіби тәжірибесінде тиімді қолдана алады.

2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиені ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық негіздері

2-модуль мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық негіздерін меңгеруге бағытталған. Модуль аясында тәрбие үдерісінің әдіснамалық негіздері, «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары, сондай-ақ баланың әлеуметтік, эмоционалдық және моральдық дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік тәсілдер қарастырылады.

Модульдің өзектілігі мектепке дейінгі жастағы балалардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырудың маңыздылығымен және тәрбиенің білім беру үдерісімен сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттілігімен айқындалады. Практикалық қолдау ретінде тәрбиелік жағдайларды модельдеу, құндылыққа бағытталған тапсырмалар, талдау және рефлексия элементтері қолданылады.

Модуль нәтижесінде тыңдаушылар мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелік үдерісті құндылықтық және тұжырымдамалық негізде ұйымдастырудың маңызын түсінеді, «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының идеяларын тәрбиелік жұмыс мазмұнына кіріктіреді және баланың әлеуметтік, эмоционалдық әрі моральдық дамуына бағытталған тәрбиелік тәсілдерді саналы түрде қолданады.

3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи әдістемелік тәсілдер

Бұл модуль мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ойын технологияларын педагогтің кәсіби құралы ретінде саналы әрі жүйелі қолдануына бағытталған. Модуль мазмұны арқылы педагог баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес ойын түрін таңдай алады, тәрбиелеу-білім процесінің мақсатына сай сюжетті-рөлдік, қимылды, дидактикалық және құрылымдық-құрастыру ойындарын сабақтың әр кезеңіне кіріктіреді. Модульдің практикалық нәтижесінде педагог сюжетті-рөлдік ойындар арқылы әлеуметтік дағдыларды дамытуға, қимылды ойындар арқылы баланың белсенділігі мен тәртіпті реттеуге, дидактикалық үстел ойындары арқылы танымдық процестерді жетілдіруге, құрылымдық-құрастыру ойындары (кубиктер, LEGO Education элементтері) арқылы логикалық және шығармашылық ойлауды дамытуға қол жеткізеді. Осы модульді меңгеру нәтижесінде педагог ойын технологияларын оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қолдана отырып, оқу мазмұнын жеңіл, түсінікті және тиімді ұйымдастыра алады.

4-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту

Модуль педагогтің цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кәсіби мақсатта тиімді қолдану құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ол педагогке оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау кезінде цифрлық құралдарды таңдау, интерактивті тапсырмалар құрастыру, баланың қызығушылығын арттыру және оқу нәтижесін бақылау мүмкіндігін береді. Практикалық тұрғыда педагог заманауи платформаларды және әртүрлі цифрлық ресурстарды меңгереді және курс аяқталғаннан кейін оларды өз тәжірибесінде қолданады. Жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып педагог оқыту процесін даралай және интерактивті етіп ұйымдастырады. Нәтижесінде педагог цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын мақсатты және қауіпсіз түрде сабаққа кіріктіріп, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттырады.

Осылайша, Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны міндеттерді дәйекті түрде жүзеге асыру және күтілетін нәтижелерді қалыптастыру арқылы оның мақсатына кезең-кезеңімен қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Теориялық сабақтар нормативтік құндылықты және әдістемелік негізді құрайды, тәжірибелік сабақтар нақты педагогикалық іс-әрекеттерді меңгеруге дайындығын көрсететін білім беру материалдарын әзірлеуге бағытталған.

Білім беру процесі бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады (3, 4-кесте).

Бағдарламаның оқу жоспары

2-кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Күндізгі оқыту, 72 сағат			Барлығы
		Деріс	Тәжірибелік жұмыс	Бағалау	
1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері					
1.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудағы негізгі мемлекеттік қағидалар мен нормативтік құқықтық актілер	2	2		4
1.2	Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары және заманауи білім беру талаптары	2	2		4
2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиені ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық негіздері					
2.1	Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері	2	2		4
2.2	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары аясында тәрбиені ұйымдастырудың тұжырымдамалық негіздері	2			2
2.3	Баланың әлеуметтік, эмоционалдық және моральдық дамуына бағытталған тәрбиелік тәсілдер	2	2		4
2.4	Тәрбиелік ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	2	2		4
3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи әдістемелік тәсілдер					
3.1	Баланың жас және жеке ерекшеліктеріне бағытталған оқыту әдістері	2	4		6
3.2	Инклюзивті оқыту және жеке қолдауды қамтамасыз ету әдістері	2	2		4
3.3	Шығармашылық және зияткерлік қабілеттерді дамытуға арналған педагогикалық тәсілдер	2	4		6
3.4	Ойын арқылы оқытудың теориялық негіздері мен принциптері	2	4		6
3.5	Дамытушы және дидактикалық ойын технологиялары	2	6		8

4-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту					
4.1	Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға арналған компьютерлік ойындар, бағдарламалар және платформалар	2	6		8
4.2	Балалардың жеке қабілеттерін дамытуға арналған цифрлық технологиялар және жасанды интеллект құралдары	2	4		6
4.3	Цифрлық сауаттылық және қауіпсіздік негіздері	2	2		4
	Қорытынды тестілеу			2	2
	Барлығы	28	42	2	72

Бағдарламаның оқу жоспары

3-кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Қашықтықтан (онлайн) оқыту, 72 сағат			Барлығы
		Дәріс	Тыңдаушының оқытушымен өзіндік жұмысы	Бағалау	
1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері					
1.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудағы негізгі мемлекеттік қағидалар мен нормативтік құқықтық актілер	2	2		4
1.2	Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары және заманауи білім беру талаптары	2	2		4
2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиені ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық негіздері					
2.1	Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері	2	2		4
2.2	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары аясында тәрбиені ұйымдастырудың тұжырымдамалық негіздері	2			2

2.3	Баланың әлеуметтік, эмоционалдық және моральдық дамуына бағытталған тәрбиелік тәсілдер	2	2		4
2.4	Тәрбиелік ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	2	2		4
3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи әдістемелік тәсілдер					
3.1	Баланың жас және жеке ерекшеліктеріне бағытталған оқыту әдістері	3	3		6
3.2	Инклюзивті оқыту және жеке қолдауды қамтамасыз ету әдістері	2	2		4
3.3	Шығармашылық және зияткерлік қабілеттерді дамытуға арналған педагогикалық тәсілдер	3	3		6
3.4	Ойын арқылы оқытудың теориялық негіздері мен принциптері	3	3		6
3.5	Дамытушы және дидактикалық ойын технологиялары	4	4		8
4-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту					
4.1	Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға арналған компьютерлік ойындар, бағдарламалар және платформалар	4	4		8
4.2	Балалардың жеке қабілеттерін дамытуға арналған цифрлық технологиялар және жасанды интеллект құралдары	3	3		6
4.3	Цифрлық сауаттылық және қауіпсіздік негіздері	2	2		4
	Қорытынды тестілеу			2	2
	Барлығы	36	34	2	72

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында ұйымдастырылады.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушыларды білім беру үдерісіне белсенді тартуға және тәжірибеге бағдарланған тәсілді меңгеруге бағытталған оқытудың нысандары мен әдістері қолданылады.

Дәріс сабақтары интерактивті форматта өткізіледі және теориялық ақпаратты жеткізуге ғана емес, сонымен бірге оны түсінуге және педагогикалық тәжірибемен байланыстыруға бағытталған. Дәріс сабақтары барысында келесілер қолданылады:

- оқу материалын проблемалық және диалогтік форматта ұсыну;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған нормативтік және әдістемелік құжаттарды талдау (МЖМБС, «Адал азамат» бағдарламасы, мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік құралдар);
- ойын технологиялары негізінде құрылған тәжірибелік педагогикалық жағдаяттарды талқылау (case-based approach);
- педагогтердің кәсіби ұстанымын рефлексиялауға және өзін-өзі диагностикалауға бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар.

Бағдарлама аясындағы тәжірибелік сабақтар кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған негізгі жұмыс нысаны болып табылады. Сабақ барысында қатысушылардың белсенді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін заманауи инновациялық әдістер мен нысандар пайдаланылады.

- құндылық компонентін ескере отырып, педагогикалық тапсырмаларды және тәжірибелік жаттығуларды талдау және әзірлеу;
- баланың дамуына байланысты нақты педагогикалық жағдаяттарды көрсететін кейстермен жұмыс;
- топтық және жұптық жұмыс арқылы тәжірибе алмасу, талқылау және сараптамалық кері байланыс ұйымдастыру;
- білім беру жағдаяттарын модельдеу және мүмкін болатын педагогикалық шешімдерді талқылау;
- орындалған тапсырмаларды талдау, рефлексия жүргізу және кәсіби іс-әрекеттің өзін-өзі бағалау.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы оқытушымен бірге практикалық дағдыларды тереңдетуге және бекітуге бағытталған оқу-тәрбие материалдарын әзірлеу бойынша практикалық тапсырмаларды орындауды қамтиды. Консультациялар тыңдаушыларға практикалық тапсырмалар мен қорытынды жұмыстарды, оның ішінде қашықтықтан жұмыс жасау кезінде жеке және топтық қолдауды қамтамасыз етеді.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету курс барысында тыңдаушылардың кәсіби іс-әрекетін жүйелі қолдауға және практикалық нәтижеге бағытталған оқу-әдістемелік әрі цифрлық материалдар кешені арқылы жүзеге асырылады. Оқу-әдістемелік материалдар бағдарламаның мазмұны мен модульдік құрылымына сәйкес әзірленіп, теориялық мазмұннан практикалық іске асыруға дейінгі бірізді логиканы қамтамасыз етеді. Тыңдаушылар оқу үдерісі барысында оқу бағдарламасымен және курстың оқу жоспарымен, дәріс және практикалық сабақтарға арналған презентациялармен, әдістемелік ұсынымдар мен практикалық нұсқаулықтармен, педагогикалық жағдайларды талдауға арналған кейс-материалдармен, ойын, шығармашылық және инклюзивті әдістерге негізделген

практикалық тапсырмалармен, сондай-ақ аралық және қорытынды бағалауға арналған тапсырмалар мен тест материалдарымен қамтамасыз етіледі.

Практикалық тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға қосымша оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда қолдануға болатын заманауи цифрлық ресурстар мен білім беру платформалары қол жетімді болады. Бұл ресурстар педагогтерге сабақ мазмұнын жоспарлау, интерактивті тапсырмалар әзірлеу, оқу нәтижесін бақылау және кері байланыс ұйымдастыру мүмкіндігін береді. Атап айтқанда, тыңдаушылар Kahoot!, LearningApps.org, Wordwall платформаларын бағалау мен ойын форматындағы тапсырмалар құрастыру үшін, Khan Academy Kids, PBS Kids Games ресурстарын дамытушы цифрлық орта ретінде, ScratchJr құралын шығармашылық және алгоритмдік ойлауды дамыту үшін, Tattialma.kz платформасын қазақ тілін меңгеруге арналған тапсырмаларды әзірлеу мақсатында қолданады.

Сонымен қатар курс барысында педагогтер жасанды интеллект құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Бұл құралдар оқу материалдарын түрлендіру, тапсырмаларды даралау, оқыту процесін интерактивті ұйымдастыру және педагогтің кәсіби қызметін оңтайландыру мақсатында пайдаланылады. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі тыңдаушыларға курс барысында алынған материалдар мен цифрлық ресурстарды жүйелі түрде қолдануға, ал курс аяқталғаннан кейін оларды өз кәсіби тәжірибесінде дербес әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерін бағалау педагогтердің кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тиімділігін анықтауға бағытталған. Бағалау жүйесі Бағдарламаның мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып әзірленіп, оқу үдерісіндегі үздіксіз кері байланыс пен қорытынды бақылауды кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Бағдарламада формативті және жиынтық бағалау түрлері қолданылады, олар педагогтердің кәсіби дағдыларының қалыптасу деңгейін және Бағдарламаның мақсатына қол жеткізуін бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау педагогтердің практикалық қызметке бағытталған құзыреттерін үздіксіз қадағалауға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау біліктілікті арттыру курстары барысында жүргізіледі және педагогтердің кәсіби әрекетін қолдауға, түзетуге және жетілдіруге бағытталған. Бұл бағалау кезінде келесі әдістер қолданылады:

- практикалық тапсырмаларды орындауды талдау және талқылау;
- оқытушы тарапынан ауызша және жазбаша кері байланыс беру;
- практикалық жұмыстарды орындау кезінде педагогтердің өзін-өзі және бір-бірін бағалауы;

- педагогикалық жағдаяттар мен кәсіби кейстерді талдау.

Формативті бағалау балл қоюды көздемейді және білім беру үдерісін түзету мен оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға бағытталған.

Жиынтық бағалау Бағдарламаны меңгеру аяқталғаннан кейін өткізіледі және барлық модульдер мен тақырыптар бойынша қорытынды тестілеу түрінде ұйымдастырылады. Қорытынды тест педагогтердің бағдарлама мазмұнын қаншалықты меңгергенін, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану қабілетін, кәсіби тәжірибесінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану деңгейін, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша нормативтік құжаттарды білу деңгейін анықтауға бағытталған.

Жиынтық бағалау қорытынды тестілеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады және педагогтердің күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Қорытынды тест сұрақтары Бағдарламаның барлық 4 модулінің мазмұнын қамтиды. Тест бойынша дұрыс жауаптардың кемінде 50%-ын жинаған педагог Бағдарламаны меңгерген деп есептеледі. Қорытынды тест сұрақтарының мазмұн деңгейі бойынша үлесі 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

№	Модульдер	Негізгі (білім, түсіну)	Орташа (қолдану)	Жоғары (жоғары деңгейлі дағдылар)	Тесттің үлесі (%)
1	1-модуль. Мектепке дейінгі білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері	12%	7%	1%	20%
2	2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиені ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалық негіздері	10%	15%	5%	30%
3	3-модуль. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи әдістемелік тәсілдер	8%	12%	5%	25%
4	4-модуль. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	8%	12%	5%	25%
Барлығы		38%	46%	16%	100%

Қорытынды тестке әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар кіреді: жабық және ашық сұрақтар, сәйкестікті анықтау тапсырмалары, педагогикалық жағдаяттарды талдау. Бұл тест педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын кәсіби қызметінде тиімді қолдану қабілетін бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіруге және үздіксіз даму бағытында талдау жасауға жағдай жасайды.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Бағдарламаны іске асыруда тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау аясында курстан алған білімдерін жұмыс барысында енгізуде және оқыту нәтижелерін өз тәжірибелерінде бекітуде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне қолдау көрсетуге бағытталған.

Курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру курстарын аяқтағаннан кейін бір академиялық жыл ішінде жүзеге асырылады және келесі форматтарда жүзеге асырылады:

- **Әдістемелік консультациялар:**

- курста қарастырылған тақырыптар бойынша педагогтерге нақты әдістемелік түсіндірмелер беру;

- мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үдерісін ұйымдастыруға қатысты туындаған сұрақтар бойынша әдістемелік көмек көрсету.

- **Оқыту нәтижелерін практикаға енгізу мониторингі:**

- педагогтің курста алған білімдерін кәсіби қызметінде қолдану тәжірибесі туралы рефлексивті сипаттағы қысқаша есебін дайындауы;

- тәжірибені талдау және әдістемелік ұсынымдар беру.

- **Әдістемелік онлайн-кездесулер:**

- курста қарастырылған мазмұнды мектепке дейінгі ұйым жағдайында іске асыру тәжірибесін талқылау;

- кездесулер барысында туындаған кәсіби қиындықтарды талдау және тиімді педагогикалық тәжірибелермен алмасу;

- онлайн-кездесулер консультативтік-әдістемелік сипатқа ие болып, педагогтердің нақты кәсіби міндеттерін шешуге бағытталады.

Бағдарламаны іске асыру барысында курс тыңдаушыларына кәсіби қызметте пайдалану үшін презентацияларды, ұсыныстарды және практикалық тапсырмалардың мысалдарын қоса алғанда, курстың оқу-әдістемелік материалдарына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2023 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23

қаңтардағы № 12 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035670>

3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

4. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

5. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

6. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1>

7. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420>

Негізгі әдебиеттер

1. Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2022. - 40 б.

2. Боранбаева В.М. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудағы заманауи ойын технологиялары / Ақнұр ЖШС тәрбиешісі. – [Электронды ресурс]. – Ұстаз.kz. – Ақпараттық-білім портал

3. Султанбекова Ж.Х., Мукалиева Б.Х. Мектепке дейінгі балаларды ойын арқылы қоршаған ортамен таныстыру // Вестник КГПИ. – 2013. – № 3. – 399

4. Абдулаева Е.А., Алиева Д.А. Развитие свободной игры дошкольников в условиях недирективного сопровождения // Современное дошкольное образование. – 2020. – №6(102). – С. 32–46.

5. Методические рекомендации по мониторингу развития умений и навыков у детей дошкольного возраста, Нур-Султан, 2020 - 260 с.

6. Филиппова О.В. Развитие социально-эмоциональной сферы дошкольников в игровой деятельности // Вопросы дошкольной педагогики. – 2021. – № 2(39). – С. 21–27.

7. Николаева С.Н. Педагогические условия развития инициативы и самостоятельности дошкольников в игре // Детский сад: теория и практика. – 2020. – № 8. – С. 14–20.
8. Игра в жизни дошкольника / Н. В. Нищева. – М.: Детство Пресс, 2020 – 240 с.
9. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Психология игры (культурно-исторический подход). – М., 2017. – 331 с.
10. Смирнова Е.О. Психология и педагогика игры: учебник и практикум для академического бакалавриата / Е. О. Смирнова, И. А. Рябкова. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 223 с.
11. Современные технологии дошкольного образования/ Андрианова Е., Богомолова М., Гришина А., Дормидонтова Л. и др. – М.: НИЦ ИНФРА, 2021 – 251 с.
12. Современный детский сад. Каким он должен быть/Под.ред. О.А. Шиян – М.: Мозаика-Синтез, 2019 – 312 с.
13. Веракса Н.Е., Комарова Т.С. Игра как ведущий вид деятельности в дошкольном возрасте // Дошкольная педагогика. – 2019. – № 4. – С. 5–12.
14. Кудрявцева Т.А. Педагогическое сопровождение игровой деятельности детей дошкольного возраста // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 5. – С. 118–124.

Интернет ресурстар

1. ChatGPT [генеративная AI-модель]. (2023). Версия GPT-4. Разработчик: OpenAI. URL: <https://chat.openai.com>
2. Gemini [генеративная AI-модель]. (2023). Разработчик: Google. URL: <https://gemini.google.com>
3. Perplexity AI [AI-поисковая система]. (2022). URL: <https://www.perplexity.ai>
4. Canva [платформа для дизайна с AI-функциями]. (2023). Русскоязычная версия. URL: <https://www.canva.com/>
5. <https://nsportal.ru/detskii-sad/korreksionnaya-pedagogika/2020/01/30/art-pedagogicheskie-tehnologii-v-razviti>
6. <https://infourok.ru/muzikoterapiya-v-detskom-sadu-3931701.html?ysclid=lovt4qucc332946296>
7. Балаларларға арналған ойын платформалары <https://yandex.ru/games/?>
8. Kahoot! платформасын (<https://kahoot.com>)
9. LearningApps.org (<https://learningapps.org>)
10. Wordwall платформасының базалық нұсқасы (<https://wordwall.net>)
11. Khan Academy Kids (<https://www.khanacademy.org/kids>)
12. PBS Kids Games (<https://pbskids.org/games>)
13. ScratchJr (<https://www.scratchjr.org>)
14. Tattialma.kz платформасы (<https://tattialma.kz/ru>).

